

**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 мамырдағы № А-1/101 қаулысы. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 мамырда № 1-18-113 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № А-1/57 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2011.03.18 № А-1/57 қаулысымен*

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19 бабына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 29 сәуірдегі № 960 Жарлығы және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан- желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша «Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінде (әрі қарай - ММ) әскери қызметтің белгіленген әскери мерзімін өткермеген азаматтардың 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуы ұйымдастырылсын

және қамтамасыз етілсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында әскери қызметке шақыру өткізуінің кестесі 2 қосымшаға және азаматтарды 2010 жылдың қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыру өткізуінің кестесі 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Селолық, ауылдық округтер, Шортанды, Жолымбет және Научный кенттерінің әкімдері, ұйымдар басшылары «Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» ММ шақыру учаскесіне шақыру өткізу кестелеріне сәйкес шақырушылардың уақытылы келуін қамтамасыз етсін.

5. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық казынашылық кәсіпорынына (әрі қарай-МКҚК) (келісім бойынша):

1) қажетті медициналық қызметкерлердің санын бөлу;

2) шақыру пунктін дәрі-дәрмектермен, медициналық мүлік пен аспаптармен қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. «Ақмола облысының ішкі істер Департаментінің Шортанды ауданының ішкі істер бөлімі» ММ (келісім бойынша):

әскери қызметке шақырудан жалтараушы тұлғалардың жеткізілуін, сонымен қатар шақырушыларды әскери бөлімдерге жіберу және кету кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Шортанды ауданының «Қаржы бөлімі» ММ аудандық бюджетпен 2010 жылға көзделген көлемде шақыруды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулы 2010 жылғы 15 сәуірден туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің орынбасары В.П.Игнатовқа жүктелсін.

10. Осы қаулы Шортанды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының

әкімі

С.Камзебаев

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі» ММ бастығы Е.Асылбеков

«Ақмола облысы ішкі істер Департаментінің Шортанды

аудандық ішкі істер бөлімі» ММ  
бастығының міндетін атқарушы Қ.Битаков

Шортанды ауданының  
«Қаржы бөлімі» ММ  
бастығының міндетін  
атқарушы Е.Рысьева

Ақмола облысы  
денсаулық сақтау  
басқармасының жанындағы  
«Шортанды орталық  
аудандық ауруханасы»  
МКҚК бас дәрігері Д.Шақанов

Шортанды ауданы әкімдігінің  
2010 жылғы 05.05.  
№ А - 1 / 101 қаулысына  
1 қосымша

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2010.09.30 № А-1/261 (қолданысқа енгізу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

**Аудандық шақыру комиссиясының  
ҚҰРАМЫ**

Құрманғожин аға лейтенант, «Ақмола облысы  
Серік Сағитұлы Шортанды ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі» ММ бастығының  
міндетін атқарушы, аудандық шақыру  
комиссиясының төрағасы

Игнатов Шортанды ауданы әкімінің  
Владимир Петрович орынбасары, аудандық шақыру  
комиссиясы төрағасының  
орынбасары

**Шақыру комиссиясының мүшелері:**

Әшімов полиция капитаны, «Ақмола  
Шыңғыс Бауыржанұлы облысының ішкі істер  
Департаментінің Шортанды  
ауданының ішкі істер бөлімі»  
ММ бастығының орынбасары

Иманбаева Ақмола облысы денсаулық сақтау  
Райхан Болатқызы басқармасының жанындағы  
«Шортанды орталық аудандық



26								
	35							
							34	
				20		49		
					29			
		11						
24		16						
				30				
			22					
			20					
		23						
	15				20		15	21
50	50	50	42	50	49	49	49	21

**кестенің жалғасы**

2010 жылғы 29 сәуір	2010 жылғы 30 сәуір	2010 жылғы 05 мамыр	2010 жылғы 12 мамыр	2010 жылғы 19 мамыр	2010 жылғы 26 мамыр	2010 жылғы 02 маусым	2010 жылғы 09 маусым	2010 жылғы 10 маусым



				33				
			11		10	16		30
48	48	50	50	48	50	50	50	50

**кестенің жалғасы**

Шақыру өткізу күні								
2010 жылғы 14 қазан	2010 жылғы 15 қазан	2010 жылғы 18 қазан	2010 жылғы 19 қазан	2010 жылғы 27 қазан	2010 жылғы 10 қараша	2010 жылғы 24 қараша	2010 жылғы 08 желтоқсан	2010 жылғы 22 желтоқсан
24								
	34							
24	15	19						
48	49	19						